

**Тамақтану сапасына мониторинг жүргізу жөніндегі комиссиясы  
отырысының  
ХАТТАМАСЫ**

Откен орны: Алға мектеп-гимназия

10.11.2023 жыл

Қатысқандар: Г.Есенова - Тамақтану сапасына мониторинг жүргізу жөніндегі комиссия төрағасы;

Г.Қуандыкова-Тамақтану сапасына мониторинг жүргізу жөніндегі комиссия хатшысы;

Тамақтану сапасына мониторинг жүргізу жөніндегі комиссия мүшелері;

Баяндамашы: ДТЖКО М.Күшекбаева

Барлығы: 8 адам.

**КҮН ТӘРТІБІНДЕ:**

1. Қыркүйек, қазан, қараша айлары бойынша тамақтану сапасына мониторинг жүргізу жөніндегі комиссия жұмысының қорытындысы
2. Білім алушылардың күн сайынғы тамақтану рационы, асхананың санитарлық жағдайы
3. Асхананың санитарлық жағдайы

**ТЫНДАЛДЫ:**

Қыркүйек, қазан, қараша, айлары тамақтану сапасына мониторинг жүргізу мақсатында мониторинг комиссиясы мектеп асханасына айна бір рет тексеру жұмыстарын жүргізеді. «Алға мектеп-гимназиясы» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің тамақтандыруды ұйымдастыру жалға алушы Г.Наурызбаева жалғастыруда. Білім алушылар үшін әзірленетін тағамдар талапқа сай. Білім беру үйімінде пайдаланылатын барлық азық түліктегі сапалы, сертификаттары бар. Жарамдылық мерзімі мен сақтау шарттары сақталуда. Тамақтану сапасына мониторинг жүргізу жөніндегі комиссиясы мүшесі мектеп медбикесі У.Ирлашева төмендегідей хабарлама жасады. Дені сау баланы өсіру үшін оның толық тәрбиесі мен дамуына жағдай жасау керек. Баланың денсаулық жағдайын, оның физикалық және ақыл-ой дамуын анықтайтын негізгі факторлардың бірі – окушылардың дұрыс тамақтануын ұйымдастыру.

Мектепте тамақтандыруды ұйымдастыру «Білім туралы» КР Занына, мектеп туралы Үлгілік ережеге және КР басқа да заннамалық және нормативтік құқықтық актілеріне сәйкес жүзеге асырылады.

Мектепте дұрыс тамақтануды ұйымдастырудың білім мен дағдыларды таратудың бастауы болуы өте маңызды. Осыған байланысты мектепте «Дұрыс тамақтану - денсаулық кепілі» дәрістері өткізіледі.

Біздің мектептің асханасы барлық қажетті технологиялық және тоқазытқыш жабдықтарымен жабдықталған. Ыдыс-аяқ, ас құралдары, тамақ ішуге арналған стакандар жеткілікті. Мектеп асханасының тазалығына көп көңіл болінеді. Жуу және дезинфекциялау барлық санитарлық-гигиеналық нормаларды сақтай отырып жүргізіледі. Тамақтану залында қол жуу үшін жеткілікті мөлшерде қолжұғыш орнатылған.

Ата-аналар мен оқушыларға тағамдардың сапасы, шығарылатын тағамдар бойынша сауалнама жүргізіледі. Сынып сағаттарында мұғалімдер балалармен өсіп келе жатқан ағза үшін сапалы тамақтану қажеттілігі туралы, тамақтану кезіндегі мінез-құлық ережелері, тамақтану мәдениеті және өз денсаулығы үшін жауапкершілік туралы әнгімелер жүргізеді.

Асхананың санитарлық жағдайы қанағаттанарлық. Асхана тазалығы мектептің медбикесінің бақылауымен күнделікті тексеріліп отырады. Балалардың тағам және сусын ішетін ыдыс пен қасық аптасына бір рет дихлорланады. Оқушылардың ішетін ауыз сусы толтырылып, бір реттік қолданылатын стакан қойылған. Тағам ас мәзіріне сәйкес, әрі нормага сай беріледі. Келген азық-түлік сапасы жақсы, жарамдылық мерзімі жарамды екендігіне көз жеткізе отырып қабылданады. Тегін ыстық тамақпен қамтылған оқушылардың тамақтануы қанағаттанарлық. Медбикенің қадағалауымен күнделікті ас мәзірі бекітіліп, ілінеді.

Тамақтану сапасына мониторинг жүргізу жөніндегі комиссиясы Қаулы етеді.

1. Қыркүйек, қазан, қараша айлары бойынша тамақтану сапасына мониторинг жүргізу жөніндегі комиссия жұмысының қорытындысы қанағаттанарлық деп бағалансын.
2. Білім алушылардың күн сайынғы тамақтану рационы, асхананың санитарлық жағдайы үнемі бақылауда болсын.
3. Асхананың санитарлық жағдайы

Тамақтану сапасына мониторинг  
жүргізу жөніндегі комиссия торағасы

Г. Есенова

Тамақтану сапасына мониторинг  
жүргізу жөніндегі комиссия хатшысы

Г. Куандыкова